



№ 5(1474)
19 ақпан
2013 жыл

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

www.kaznu.kz

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да ҚР Парламент Сенатының депутаты Ғарифолла Есіммен кездесу өтті

2013 жылы 15 ақпан күні әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан–2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауын тасихаттау, түсіндіру мақсатымен ҚР Парламент Сенатының депутаты, ҚР ҰҒА академигі, философия ғылымдарының докторы, профессор Ғарифолла Есім болды.



де бәсекелестік заманы келді. Үшіншіден, халық санасы өзгерді», – деді. Иә, халықаралық рейтинг бойынша 51-орынға аяқ тіреген еліміздің өндігі басты меже – 30 елдің санатына өнуі үшін ХХІ ғасырдың жаһандық он сын-қатеріне төтеп беруі керек. Оның ішінде үшінші индустриялық революция, табиғи ресурстардың сарқылуы мәселелері кеңінен талқыланып, сондай-ақ әлеуметтік ойлау мен экологиялық ойлаудың ерекшеліктері, өмір сүрудің табиғи негіздерін қорғау түсініктерін көпшілікке таратып айтты. «Энергияның табиғи көзі ретінде Жер, Күн, Су, Желді атасақ, бесіншісі – адам. Ғылым-біліммен қаруланған адами капитал – зор күш. Демек, оның негізі – университетте», – деп ой түйді Ғарифолла Есім.

«Бірлігіміз жарасқан ел болайық!»

Ұзақ жылдар өзі еңбек өткен киелі қара шаңырақ депутатты ыстық ықыласпен қарсы алды. Кездесуді ашқан ректор Ғалым Мұтанов Ғарифолла Есімнің осы оқу орнында ұстаздық еткенін тілге тиек ете отырып, оның абайтанушы ретіндегі еңбектерін де атап өтті. Мәртебелі қонақтың жүзінен зор қуаныш сезімі, лебізінен білім ордасына деген құрметі сезіліп тұрды. Болашақ саясаткерлер, заңгерлер, журналистер, ақын-жазушылар, елшілер, ғалымдардан құралған аудитория да қонақты жатсынған жоқ. Себебі, тәжірибесі мол кешегі ҚазҰУ оқытушысы, бүгінгі халық қалаулысы оларды еркін сөйлеу мәнерімен әп-сәтте-ақ баурап алған еді. Ол еліміз үшін аса маңызды стратегиялық бас құжатты құрғақ баяндаудан гөрі,

жастарға ұғынықты ұтымды форманы таңдай отырып, нақты мысалдармен там-тұмдап оның маңыздылығын санаға сіңіре бастады. Алдымен ол философ ретінде түрлі заман және оның мәні, ерекшеліктері төңірегінде ой тербеді. Жастар бұл ұғымның философиялық мәніне үңілді, әр заманның адамға, оның рухани дүниесіне тікелей қатысты екендігін сөзінді. Ал еліміздің болашағы жарқын әрі табысты болуы әр жастың тәрбие-тәлімі, білімі мен біліктілігі, еңбекқорлығына байланысты болмақ. Осы тұста «Білімді жастар – еліміздің басты капиталы» деген Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың сөздері еріксіз ойға оралды. «Қазақстан–2050» Стратегиясын жүзеге асыруда да негізгі міндет жастарға жүктелмек. Саясаттың

қайнаған ортасында жүрген құрметті қонақ та осыны шегелей айтты. Ол үшін жастар бәсекеге қабілетті болып, үш тілді бірдей меңгеруі қажеттігін баса айтты. «Үш тұғырлы тіл дегеніміз – үш түрлі дүниетаным, үш өріс, үш түрлі ақпарат. Қазақ тілі – ана тілің, қасиетің, негізің; орыс тілі – орыстың ғылым-білімін үйренуге қажет, ТМД елдеріне ортақ ресми байланыс тілі; ағылшын тілі – жаңалық тілі, халықаралық байланыс орнатуға қажет», – деді депутат. Сонымен, «Қазақстан – 2050: инновациялық ойлау жүйесі» деп айшықталған кездесуде Сенат депутаты «Қазақстан–2030» Стратегиясының жетістіктерін саралады. Ол: «Біріншіден, еліміз мемлекет ретінде қалыптасты. Екіншіден, нарықтық қатынастарға өндік. Оның нәтижесін-

Сондай-ақ кездесуде жолдауда айтылған экономикалық прагматизм, кәсіпкерлікті дамыту, заманауи білім беру, кадрларды даярлау мен қайта даярлау жүйесінің негізгі бағдарлары талқыланып, қазақстандық демократия, жаңа қазақстандық патриотизм, интеллектуалды ұлт дамуының стратегиялық міндеттері аясындағы қазақстандық ғылымның дамуы және «білім қоғамын», инновациялық ойлау жүйесін қалыптастырудың өзекті мәселелері қозғалды.

Оқытушы-профессорлар қауымы мен студент, магистрант, докторанттар тарапынан қойылған сан салалы сауалдарға жауап бере отырып, Сенат депутаты өз сөзін: «Бірлігіміз жарасқан ел болайық!» – деп қорытындылады.

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА

14 ақпанда ҚазҰУ-да Білім беруді ізгілендіру мен гуманитаризациялау жөніндегі кеңестің кезекті отырысы өтті. Оған аталмыш кеңес мүшелері мен факультет декандары қатысты.

Адамгершілік тәрбие – басты құндылық

Отырысты ашқан ҚазҰУ ректоры, академик Ғалым Мұтанов: «Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы аясында оқу жоспарын түбегейлі қарастырып жатырмыз. Осы орайда кеңестің атқарар рөлі жоғары деп есептеймін. Сіздердің алдарыңызда қоғамдық гуманитарлық пәндерге қатысты нақты тапсырмалар тұр», – деп кеңес мақсатын айқындап берді. Кеңес төрағасының орынбасары

әрі ғылыми хатшысы Әлия Масалимова өткен жылды қорытындылай отырып, күн тәртібіндегі негізгі сұрақтарға тоқталды. Ол өз баяндамасында әлеуметтік-гуманитарлық сала бойынша барлық мамандықтарға арналған элективтік курстарды ұсынды. Оның ішінде ойлау мәдениеті мен логикасы, жүйелі философия, шешендік өнер, сыни ойлау, қазақ мәдениеті: әдет-ғұрып пен инновация, ұжымдық этика, іскерлік эти-

ка, дінтану т.б. бағыттардағы курстар ұсынылды. Сондай-ақ оқу ісі жөніндегі проректор Уәлихан Әбдібеков ҚазҰУ-да өтіп жатқан пәндер жайлы, оларды заман сұранысына сай қайта қарастыру мәселелері төңірегінде сөз қозғады.

Айта кетер жайт, кеңес құрамында ізгілікті орта қалыптастыру, ұжымдық әдепті, мәдениетті, тілдік дайындықты арттыру, әлеуметтік-гуманитарлық білім саласындағы ғылыми ізденістерді,

пәнаралық байланысты дамыту, ҚазҰУ оқытушылары мен ғалымдарының беделін арттыру бағытында жұмыс атқаратын 6 комиссия жұмыс істеуде. Аталмыш комиссия төрағалары мен факультет декандары ұсыныстарды талқылап, пікірлерін білдірді. Сапалы білім бере отырып, кеңес студенттердің бойына адамгершілік құндылықтарды сіңіруді міндет етті.

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА

БҮГІНГІ САНДА:

БАСПАДА ЖАҢА БАЕПАНА



2-бет

БҮГІНГІ САНДА:

СЕРЕНАДА КЕШІ ӨТТІ



7-бет

БҮГІНГІ САНДА:

ТАБАҒАНЫҢ ТАМСАНДЫРҒАН ТАБИҒАТЫ



8-бет

18 ақпандағы ректорат мәжілісі дәстүрлі шәкіртақы табыстау мен алғыс хат тапсыру рәсімінен басталды.



Биотехнология кафедрасының меңгерушісі Болатхан Қазыханұлы аталмыш кафедраның атаулы шәкіртақы иелерімен таныстырды. Сонымен, ҚазКСР ҒА академигі Темірбай Байбосынұлы Дарқанбаев атындағы шәкіртақыны «биотехнология» мамандығының 3-курс студенті Гауһар Бәйділдинова иеленсе, ҚазКСР ҒА академигі Мұрат Әбенұлы Айтқожин атындағы шәкіртақыға «биотехнология» мамандығының 3-курс студенті Әйгерім Молдағалиева лайықты деп табылды. Сонымен қатар ҚР ҰҒА академигі Ізбасар Рахымбаев атындағы шәкіртақы «биотехнология» мамандығының 3-курс студенті Александра Сағайдаққа табысталды.

Мәжіліс барысында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен «Инновациялық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағы «Алатау» ЖШС арасындағы білім және ғылым саласындағы ынтымақтастық жөніндегі меморандумға ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанұлы мен «Алатау» технопаркінің бас директоры Нұрлан Бектасұлы қол қойды.

Ал ғалым хатшы Ләззат Маратқызы жоғары кәсіби қызметі мен еңбегіне деген үлкен жауапкершілігі үшін Еуропа-

лық ғылыми-өнеркәсіп палатасының алтын медалімен және сапа дипломымен марапатталған биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасының профессоры Базарбаева Жаннат Мүслімқызын жетістігімен құттықтады.

Күн тәртібіндегі негізгі сұрақтарға көшкен тұста алдымен жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің деканы Талғат Оразалыұлының университеттің кәсіби бағдар беру жұмысы жөніндегі хабарламасы тыңдалды. Халықаралық ынтымақтастық департаменті директорының м.у.а. Еңлік Қайырбекқызы университет оқытушы-профессорлар құрамы мен студенттерінің шетелдік іс-сапарлары және оның тиімділігі жайлы баяндады. Сондай-ақ ректорат қаулыларының орындалу ба-рысын қадағалау жөніндегі Ректор аппараты басшысының орынбасары – ұйымдастыру-бақылау қызметі басқармасының бастығы Әбілқайыр Әбіләкүмұлының және шетелдік іс-сапар жайлы дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының меңгерушісі Қалқаман Тұрсынұлының есебі тыңдалды.

ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Қазақ университеті» баспасы жаңа ғимаратының салтанатты ашылуы өтті.

Бастада жаңа бастана



Ашылу салтанатының дәстүрлі лентасын университет ректоры Ғалым Мұтанұлы кесіп, ұжымға табысты еңбек тілеп, жылы лебізін білдірді. Сонымен қатар мерекелік іс-шараның құрметті қонақтары қатарында университет проректорлары, факультет декандары мен кафедра меңгерушілері болды.

Баспа директоры Алмаз Асан қонақтарды баспа ғимаратымен таныстыра отырып, баспаханың озық технологиялы машиналарын көрсетті. «Кеше ҚазҰУ баспасы 560 шаршы метрде орналасса, бүгін күні басшылықтың қолдауымен баспа 1000 шаршы метр аумақты алып жатыр. Бұл баспаның болашақ жоспарын жүзеге асыруға зор мүмкіндіктер тудырады», – деді баспа директоры. Ол сондай-ақ кітап дүкенінің, «Студент» жедел баспа орталығының, баспадағы алдыңғы қатарлы ғылыми жұмыстар зертханасының ашылғандығын ерекше атап өтті.

Сонымен қатар жаңашылдыққа жаны құмар баспа қызметкерлері жаңа сайттың тұсауын кесті. Бұл – magkaznu.com порталы.

Ғылымға құмар жас өрен сайттың «ПРЕСС» бөлімінен өзіне ғылыми мақала, оқулық, монография жазу туралы мол мағлұмат ала алады. Аударма қызметі де осы бөлімде қарастырылған. Сапалы, оқырманға берері мол қызықты мақалалар легіне шолу да парақшадан

табылады. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың негізі қаланған сонау 1934 жылдан бүгінгі күнге дейінгі ұлағат аралығында қызмет қылып, ұстаздық еткен профессор, ғалымдардың өнегелі өмірі хақында сыр шертетін деректер де осында.

Электронды дүкен арқылы ғылыми кітаптарға қол жеткізу мүмкіндігі де тыс қалмаған. Еліміздің басқа да беделді баспаларының сайтында бұл мәселе кітап дүкендерінің мекенжайын көрсетумен шектелсе, magkaznu.com сайтының «ДҮКЕН» бөлімінде каталог бойынша ғылыми кітаптар бағасымен орналастырылған.

«Онлайн-баспа» бөлімі қарапайым визитка басудан суретті кітап шығаруға дейінгі аралықтағы футболка, бейсболка, үнпарақ, кедесый, ашық хат, саптыаяққа сурет басып шығару сынды дүниелерді қамтиды. Пайдаланушы сайттың мұндай қызметін үйден шықпай-ақ қолдана алады. «Пенклуб» бөлімі ғылымға жаңадан қадам басқан авторлармен қатар, кәсіби мамандарға да арналған. Мұнда шығармашылығыңызды шыңдау үшін антиплагиат, мақалаға көмекші сынды ғылымның сізді қызықтыратын саласына орай, кітап не мақала жазуыңызға шын мәнінде көмектесетін қоллайлы құралдар жинақталған.

«Қазақ университеті» бас.

Университет өмірі, тынысы студенттермен байланысты екені белгілі. Білім нәрімен сусындатып, оқу орнының дамуы мен үнемі алда болуына қашанда қолдау танытар басшысы мен сол оқу, ғылымды меңгеруге талпынған жастар арасындағы берік байланыс артып отырса, әрбір бастама нәтижелі болары хақ. Осы орайда, ҚазҰУ ректоры Ғ. Мұтанов, әлеуметтік даму жөніндегі проректор Ш. Жаманбалаева, тәрбие жұмысы жөніндегі департамент директоры М. Ноғайбаеваның қатысуымен университеттің белсенді студенттері, студенттік жоба жетекшілері, магистранттардың арнайы кездесуі өтті.

Ректор жастармен кездесті

Кездесу барысында жастар ұйымдарымен жұмыс бөлімі осы күнге дейін жасалған жұмыстарына есеп беріп, атқарылған жобалармен таныстырды. Атап айтсақ, «Саламатты дене мәдениеті», «Айналаңды нұрландыр», «Қазақша сөйлесейік», «Студенттік декандар институты» жобалары, «Сұңқар» студенттік кәсіподақ қызметі мен университет бренді тақырыптары қаралып, жастар үлкен дайындықпен III халықаралық студенттік форумды ҚазҰУ-да өткізу жоспарларымен бөлісті.

«Бүгін арнайы бас қосып отырмыз. Әр семестрде кездесіп, өз ойларыңызды, пікірлеріңіз бен тілектеріңізді білу бізге өте маңызды. Мен ҚазҰУ студенттерінде бәрі жақсы болса, әрқашан биіктен көрінсе деймін. Сіздер тараптан жасалған жұмыс жетістіктеріне біз қуанамыз», – дейді ректор Ғ. Мұтанов. Үлкен құрметпен ректормен ақылдасып, кеңесуге барған жастар, барлық көкейдегі сауалдарын ортаға салып, нақты әрі толық жауап ала алды.

Еңлік АҚЖІПТ

Жастарға қолдау көрсетілуде

Білімді де білікті жастарды тәрбиелеу – жоғары оқу орындарының алға қойған негізгі мақсаты. Бүгінгі таңда тек білім беріп қана қоймай, теориялық білімді тәжірибемен ұштастырып, бәсекеге қабілетті мамандарды дайындау өзекті болып отыр. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да осы бағытта көптеген жұмыстар жүргізілуде. Талапты жастардың ізденістеріне дем беріп, ынталарын арттыратын бағдарламалар дайындалып, жастар жобаларына қолдау көрсетілуде. Барлығы да философияның «алдымен идея, содан кейін идеяны жүзеге асыру» принципіне сүйенеді. Өткен 2012 жылы да талай жас ғалым еңбектерінің жоғары бағаланып, жаңа мүмкіндіктерге ие болғанына куә болдық.

Сондай жақсы идеялардың бірі биотехнология кафедрасында жүзеге асып отыр. Бұл идея негізінде жастардың ғылымға деген қызығушылығын арттыру, жас

ғалымдарды дайындау, студенттерді еңбекке баулу мақсаты жатыр. Яғни, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Экология мәселелері ғылыми-зерттеу институты мен «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамы арасында шаруашылық келісім-шарт негізінде 4 үлкен ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді. Оған биотехнология кафедрасының студенттері С. Дәулетбаева, Д. Ибраева, М. Исмаилова, М. Ертаева, А. Исабекова, А. Отарбай және жас ғалым А.Б. Бөлекбаевалар белсенді қатысты. Ғылыми-зерттеу жұмыстары барысында студенттер көптеген тәжірибе жинақтап, жазғы демалыс күндері іс-сапарға шығып, өз мамандықтары бойынша білімдері мен біліктіліктерін шыңдады.

А.Б. БӨЛЕКБАЕВА,
жаратылыстану
ғылымдарының магистрі;
А.С. ҚЫСТАУБАЕВА,
б.ғ.к., доцент

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Жолдауында «Мемлекеттілікті одан әрі нығайту және қазақстандық демократияны дамыту» бағыты бойынша дамыған қоғамдағы тәртіп пен реттілік орнатудың, тәртіпсіздікті, адамгершілік нормаларға сыймайтын әрекеттерді болдырмаудың жай-күйіне терең мән бергені баршамыздың көңілімізден шыққаны анық. Осы мәселені жан-жақты түсіндіру мақсатында қазақ әдебиетінің тарихы және теориясы, қазақ филологиясы кафедраларының ұйымдастыруымен №17 Студенттер үйінде «Адамгершілікке жат қылықтардан сақтану» тақырыбында ер-азаматтардың, жастардың, соның ішінде студенттердің қоғамдағы орнына, белсенділігіне арналған дәріс-сабақ өткізілді.

Біз жастарға сенеміз

Дәрістің мақсаты – ер-азаматтарды, яғни, жастарды қоғамда болмай тұрмайтын келеңсіз оқиғалардан, адамгершілікке жат әдет-қылықтардан, лас әрекеттерден сақтандыру, алдын алудың жолдарын көрсету. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауында айтылғандай, «біз ең ұсақ құқық бұзушылықпен, бұзақылықпен, мәдениетсіздікпен ымыраға келмеуіміз керек, өйткені осының өзі қоғам тыныштығын бұзады, өмірдің сапасына сөлкеу түсіреді. Тәртіпсіздік пен бетімен кетушілікті сезіну одан да елеулі қылмыстарға жол ашады. Ұсақ құқық бұзушылыққа төзбеу ахуалы – қоғамдық тәртіпті нығайтуға, қылмыспен күреске бастайтын маңызды қадам. Біз қоғамды қоғамдық тәртіпті қорғау ісіне тартуымыз керек».

Кездесуді ұйымдастырушылардың бірі, қазақ әдебиетінің тарихы және теориясы кафедрасының доценті, куратор-эдвайзер Нұрлан Сағындық кіріспе сөзінде ер-азаматтардың, жас буынның қоғамдағы рөлі жөнінде айта келе, бүгінгі таңда жастар бойындағы кездесетін кейбір кемшіліктерді жоюдың алғышарттары ретінде өзін-өзі

тәрбиелеуді қолға алудың маңызына тоқталды.

Қазақ филологиясы кафедрасының оқытушылары Берікбай Сағындықұлы, Асылбек Тасымов өз сөздерінде жастарды рухани азғындыққа ұрындырмаудың бірден-бір жолы имандылықты әрбір жас бала күнінен бойына сіңіруге, өміріне серік етуіне, жүрегіне ұялатуға тиіс екенін тиянақтап, рухани-танымдық хикаялар, әңгімелер негізінде тұжырымдаса, Пазыл Бисенбаев, Самал Дәрібаев, Кенжетай Күркебаевтар да салмақты, салмақты әңгімелерімен жастарды жаманнан жиренуге, жақсыдан үйренуге шақырды.

Кеш қонақтары студенттер тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берсе, факультет студенттері атынан сөйлеген 3-курс студенті Мәди Бекмағамбетов Елбасының жаңа буын қазақстандықтарға, жастарға үлкен сенім артып отырғанын, «салауатты өмір салты – ұлт денсаулығының кілті» екенін тілге тиек етіп, ұстаздардың ұлағатты әңгімелеріне көңілдері толғандығын айта келе, жиналған қауымға ризашылығын білдірді.

Шоқан ШОРТАНБАЕВ,
қазақ әдебиетінің тарихы
және теориясы кафедрасының
аға куратор-эдвайзері

«Бала тәрбиелеу – болашаққа ең үлкен инвестиция. Біз бұл мәселеге осылай қарап, балаларымызға жақсы білім беруге ұмтылуымыз керек» – деп «Қазақстан-2050» бағдарламасында Елбасы Н.Ә.Назарбаев айтып өткеніндей, білім беру ошақтарындағы педагогтардың міндеті: жас жеткіншектерді тәрбиелей отырып оқыту.

Осы мақсатта әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті колледжінде «Колледждегі тәрбие жұмысы: көкейтесті мәселелер мен ізденістер» атты семинар өтті. Семинар жұмысын ұйымдастыру алқасының төрайымы, колледж директоры Р.О.Нұрқанова салтанатты түрде ашып, қатысушылар мен тыңдармандарға табыс тіледі. «Қазіргі кезде еліміздің білім беру ісінде түбірлі өзгерістер болып жатқаны мәлім. Тәрбиенің сапасына, әдіс-тәсілдерінің мазмұнына, мақсатына зор көңіл бөлінуде және жаңаша көзқарастар қалыптастырылуда. Бүгінгі таңда колледждің, мұғалімнің ең қасиетті міндеті – рухани бай, жан-жақты дамыған жеке, дарынды тұлғаны қалыптастыру», – дей отырып колледж директоры қатысушылар мен тыңдармандарға табыс тіледі. Семинарда директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары М.Н.Аппақова «Колледжде кураторлық сағаттардың

ұйымдастырылуы», алғашқы әскери дайындақ пәнінің оқытушысы педагог-ұйымдастырушы А.Егеубаев «Еліміздің жастарына патриоттық тәрбие беру және алғашқы әскери дайындық пәнінің маңыздылығы», колледж психологы К.А.Әубәкірова «Девиантное поведение. Работа с трудными обучающимися» атты тақырыпқа, кураторлар А.Ш.Әсембаева «Салауатты өмір сүруге тәрбиелеу – еліміздің ертеңін ойлау», С.В.Алексеева «Воспитательная работа в формировании компетенции выпускника», М.М.Харасова «Применение инновационных методов обучения в воспитательном процессе», Г.О.Мажиева «Самоуправление в группе» деген тақырыптар төңірегінде ой толғады.

Семинарға қатысушылардың қозғаған тақырыптары колледждегі тәрбие жұмысын жүргізу барысында туындайтын мәселелер мен сол мәселелерді шешу жолындағы ізденістер мен тәжірибелер төңірегінде болды.

Өз сөзін әл-Фарабидің «Адамға бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген данышпандық ойымен бастаған Ә.Егеубаев қазіргі білім

ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗУГЕ ДАҒДЫЛАН

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында жоғары оқу орындары тек оқытып қана қоймай, ғылыми-зерттеушілікке білім алушылардың ынтасын да арттыру керек екендігі айтылды. Осы орайда, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің биология және биотехнология факультеті студенттерінің ғылыми зерттеу-жұмыстарын жүргізуге мүмкіндіктері бірінші курстан бар. Жоспарланып жүргізілетін арнайы оқу практикалары студенттердің кәсіби тұрғыда және де жеке тұлға ретінде қалыптасуында үлкен рөл атқарады. Практиканың қандай түрі болмасын (оқу-далалық, өндірістік, ғылыми) теориялық жүзінде лабораториялық сабақтарда оқытылған пәннің логикалық жалғасы болып табылады және студенттерді ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге дағдыландырады. Практика кезінде студенттер табиғатпен тығыз қарым-қатынаста бола отырып, өздерін экологиялық тұрғыдан тәрбиелейді, табиғатқа деген танымдық, қызығушылық, ізденушілік қабілеттерін арттырады. Алғашқы рет болашақ мамандықтың ірге-тасы осы кезде қалыптасады. Практика далалық жағдайда бір ұжым болып өмір сүруді, түрлі жағдайларға төтеп бере алуды, табиғатты сүюді үйретеді, студенттердің шығармашылық қабілеттерінің ашылып дамуына, рухани және білім деңгейінің баюына мүмкіндік береді.

«Биология», «Биотехнология», «Балық шаруашылығы» мамандықтарының бірінші және екінші курс студенттеріне «Ботаника», «Зоология» және «Өсім-

діктер мен жануарлардың алуантүрлілігі» пәндері бойынша оқу-далалық практика соңғы жылдары Іле өзенінің бойында өткізілуде. Бұл практикалар барысында өсімдіктердің, омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың биологиясы, экологиясы, алуан түрлілігі, табиғаттағы және адам өміріндегі маңызы зерттеледі. Студенттер жыл бойы алған теориялық білімдерін практикада қолданып, ботаникалық және зоологиялық зерттеу әдіс-тәсілдерін игереді. Нәтижесінде «Ботаника», «Зоология» және «Өсімдіктер мен жануарлардың алуан түрлілігі» пәндері бойынша өтетін оқу-далалық практика барысында студенттер ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу әдістерін де игереді.

Практика барысында ғылыми-зерттеу әдістерін толық игерген, ізденушілік қабілеттері жоғары студенттер ғылыми-зерттеу жобаларын орындау мүмкіндігіне ие болып, болашақта өсімдіктер мен жануарларды биотехнологиялық нысандар ретінде қолданатын және олардың ресурстарын молайтып, қорын тиімді пайдаланатын, сирек кездесетін түрлердің ғылыми-биологиялық негіздемелерін жасай алатын, бәсекеге төтеп бере алатын маман болмақ. Оқу практикаларынан өткен университет түлегі ғылыми-практикалық жұмыстарды орындауға дайын болып, жұмыс берушінің талабын толықтай орындай алады.

Биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасының оқытушылары:
Г.К. САТЫБАЛДИЕВА,
Б.Е. ЕСЖАНОВ

Ұрпақ тәрбиесі – ұлағатты іс

алушылардың алғашқы әскери дайындық пәні бойынша жаттығуларда жоғары көрсеткішке жету үшін жастарға берілетін патриоттық тәрбиені күшейтуде оқу жылының басында оқу-далалық жаттығулар жүргізуді ұсынды.

А.Ш.Әсембаева: «Мен өз тәжірибемде кураторлық сағаттарда темекі тартатын балаға темекінің зияны туралы баяндама жасауды тапсырып; ізгілік, адамгершілік, салауаттылық тақырыптарына әр білім алушыны сөйлеткенді жөн санаймын», – деп ой бөлісті.

Оқытудың инновациялық әдістерін тәрбие беру процесінде қолдану тақырыбын қозғаған М.М.Харасова тыңдармандаға Г.О. Мажиева «Топтағы өзін-өзі басқару» тақырыбы бойынша сөз алды.

Психолог К.А.Аубакирова девиантты қылық «қиын» білім алушының әсері, оның салдарларын айтып өтіп, «қиын» балалармен тәрбие жұмысын жүргізудің жолдарына тоқталды. С.В.Алексеева жас маман ретінде кураторлық қызметті атқару кезінде кездескен мәселелерді қозғап, тәжірибелі кураторлардан пайдалы ақыл-кеңестер алды.

Осы мәселеге байланысты куратор-

лар кеңесінің төрайымы М.А.Кенебаева өз ойымен бөлісті: «Педагогтық қызметінің жетістігін бағалау өте қиын. Оның сапасы сызғышпен өлшеп, әрбір мысқалына дейін таразыға тартатын дүние емес. Балалардың санасы мен мінез-құлқының қалыптасуына куратордың жеке басының, оның моральдық бейнесінің атқаратын ролі орасан зор».

Семинардың өтуіне ұйытқы болған директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары М.Н.Аппақова: «Білім алушыларға тәрбие арқылы білім беруде қоғамдық пәндердің атқаратын ролі ерекше. Ол шәкірттерде отансүйіштік, ұлтжандылық, идеялық сенімді қалыптастырады», – деп ой түйіндесе, директордың оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары Р.Г.Сейдахметова семинар жұмысының әсерлі әрі нәтижелілі болғанына ризашылығын білдірді.

С.С. ЫБЫРАЙМОВА,
ҚазҰУ колледжінің
математика пәні оқытушысы
Ш.А. МҰСАЛАЕВА,
ҚазҰУ колледжінің
құқық пәндері оқытушысы

Нью-Йорктегі шетелдік тағылымдама естелігінен

Көкпен жарысқан зәулім ғимараттар мен сары такси қаласы... Менің ойымша, Нью-Йорк ешкімді немқұрайды қалдыра алмайды. Нью-Йорктің танымал Манхэттан ауданында, Орталық парктің қасында 200-ден аса жылдық тарихы бар Колумбиялық университет орналасқан. Біз осы университетке «Master's in Development Practice» бағдарламасымен шетелдік тағылымдама өткізуге келдік.

Колумбиялық Университеттің жанында Жер институты басшылығымен MDP бағдарламасының Global Classroom жобасын Еуропа, Оңтүстік-Шығыс Азия, АҚШ және Латын Америка елдеріндегі 24 университеттерде жүргізеді. Солардың бірі – біздің әл-Фараби атындағы ҚазҰУ университеті. Global Classroom бағдарламасы аясында біз Колумбиялық Университеттің халықаралық және мемлекеттік қатынастар мектебінің магистранттарымен бірігіп Қазақстанның тұрақты дамуы жөнінде жоба жасадық. Жобада Қазақстанның мыңжылдық даму мақсаттарына сараптама жасай келіп, студенттер мен ұстаздар арасында сауалнама жүргізіп, 2015 жылдан кейінгі жаңа мақсаттарды ұсындық.

Шетелдік тағылымдама кезінде Нью-Йоркпен танысумен қатар, өте маңызды кездесулер мен конференцияларға қатыстық. Алғашқы келген күннен БҰҰ-ның Даму Бағдарламасының штаб-пәтерінде Қазақстанның тұрақты дамуы жөніндегі біріккен жобаны ұсындық. Осындай маңызды сәт әрбір қатысушының есінде мәңгілікке қалады деп есептеймін.

Келесі күні БҰҰ-дағы Қазақстанның өкілі Бірғаным Әйтимовамен кездестік және өз жобамызбен таныстырдық. Ол жобаны ерекше бағалап, Қазақстанның БҰҰ шеңберінде алға қойған басылымдықтармен сай келетінін атап өтті. Топтағы қыздардың басымдылығын көре отырып, Бірғаным Әйтимова «менің жо-

лымды берсін» деп қолымыздан қысты.

Колумбиялық Университеттің халықаралық және мемлекеттік қатынастар мектебінде дәрістерге және кездесулерге қатысуға мүмкіндігімізді барынша пайдалануға тырыстық. Нобель сыйлығы лауреатының дәрістері, әр түрлі кездесулер жарқын әсер қалдырды. Атап айтқанда 30 қаңтарда БҰҰ-ның Бас хатшысының орынбасары Ян Элиассонмен кездесу ерекше көңілімде қалды. Ол БҰҰ-да жұмыс істеу тәжірибесі мен жалпы жаһанды саясат пен лидерлік қасиеттер жөніндегі ойлармен бөлісті.

БҰҰ хатшылығында «DPI – Academic impact classroom conversation Climate change» атты конференциясына қатыстық. Пенсильвания және Мексика университеттерінің студенттері қатысты. Қазақстан тарапынан Global Classroom бағдарламасы бойынша Алматы әкімшілігінен 1 млн теңге ұтқан «Viking habitat in KazNU campus» жобасы ұсынылды. Бізге БҰҰ Хатшылығының ғимаратында болып, БҰҰ-ның ішінен жағдайды білуге, көріп сезінуге мүмкіндігіміз болды.

Қорыта келе, Нью-Йорктағы өткен шетелдік тағылымдамамыз зор тәжірибе беретін өте жемісті әрі пайдалы болды.

Біз шетелдік тағылымдамаға барған кезде, АҚШ президентінің ұлықтау рәсіміне дәл келдік. Сондықтан осындай 4 жылда бір рет болатын оқиғадан қалмауға тырыстық. Вашингтонға келген сәттен мерекелі күй, салтанатқа дайындық сезілді. АҚШ-тың әрбір жерінен өз президентін қолдауға келген америкалықтар көптеп жиналыпты. АҚШ президентінің ұлықтау рәсімін өз көзімен көріп, сол жердегі көңіл-күй бізге үлкен әсер қалдырды.

Ботакөз ШАКЕЕВА,
халықаралық қатынастар
факультетінің
1 курс магистранты

Міне, көзді ашып-жұмғанша төрт ай уақыт та өте шықты... Өзіміздің сүйікті қаламыз Алматыға да оралдық. Осы уақыт аралығында біз Зальцбург университетінің геоинформатика кафедрасында (Австрия) өз білімімізді шыңдап қайттық.

Академиялық ұтқырлық – мамандықтың қыр-сырын меңгеруде зор көмек

Зальцбург – Австрияның батысында орналасқан бірегей сәулет өнері мен қайталанбас табиғат сұлулығының, классикалық музыканың қаласы. Аты әлемге әйгілі композитор Вольфганг Амадей Моцарттың туған жері. Тарихы терең, мәдениет пен өнер ұштасқан қалада білім алу кез келген студент үшін үлкен бақыт деп білемін. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың жүргізіп отырған салиқалы саясатының арқасында жастар әлемнің көптеген алдыңғы қатарлы жоғарғы оқу орындарында білім алып, тәжірибе алмасып келуге мүмкіндік алуда. Осы мәселе еліміздің 2011-2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында айқын көрсетілген. Ол, әрине, академиялық ұтқырлықты қалыптастыру, оны жүзеге асыру болып табылады.

Бүгінде ҚР Білім және ғылым министрлігінің академиялық ұтқырлық бағдарламасы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да көң қолданыс тауып, әлемнің жетекші жоғарғы оқу орындарында студенттер білімін жетілдіруде. Атап өтерлік жайт, ҚазҰУ мен Зальцбург университеті арасында келісім-шарттан бөлек география және табиғатты пайдалану факультеті де «TEMPUS – Геоинформатика: GEM – энергетиканы, ресурстарды, қоршаған ортаны қорғауды басқару» жобасының аясында серіктес болып табылады. Екі университет арасындағы тығыз қарым-қатынасты жал-

ғап, академиялық ұтқырлық бағдарламасының дамуына үлес қосып, бізге үлкен қолдау көрсеткен Зальцбург университетінің геоинформатика кафедрасының меңгерушісі профессор – Джозеф Штробл және ҚазҰУ-дың картография және геоинформатика кафедрасының ғылыми-инновациялық және халықаралық байланыс жұмыс ніндегі кафедра меңгерушісінің орынбасары, аға оқытушы, PhD – Айжан Асылбекқызының еңбегін ерекше атап өту қажет.

Зальцбург университетінде өткен семестр барысында біз ҚазҰУ-дың қабырғасында алған білімімізді ары қарай жетілдіріп, геоинформатика саласында өз біліктілігімізді арттырдық, геоақпараттық жүйелер аясында жаңа технологиялармен жұмыс жасадық және өз деңгейімізді барынша көрсете алдық деген сенімдемін. Мен бітіруші курс студенті ретінде алған теориялық-практикалық білімімді өз зерттеулерімде және болашақ дипломдық жұмысымда кеңінен қолдана аламын.

Әрбір студентінің өмірде өз тетігін тауып, білікті маман болып шығуы үшін аянбай еңбек еткен география және табиғатты пайдалану факультетінің картография және геоинформатика кафедрасының профессор-оқытушылар құрамына алғысымыз шексіз.

Забира РАХЫМБАЙ,
картография және геоинформатика
кафедрасының 4-курс студенті

«Жас қытайтанушы» Жеті жұрттың тілін білген жеті түрлі ғылым біледі

Уақыт шіркіннің ешкімнің де еншісіне бағынбай желдей есіп жүйткіні қарасаңызшы... Өне-міне дегенше сүйікті университетіміздің табалдырығын аттап кірген уақытымнан бастап, төрт жыл уақыт зымырап өте шығыпты. Енді алда тек сабылысты 4-5 айлық мерзімнің ішінде дипломдық жұмыс жазу, мемлекеттік емтиханға дайындық жұмыстары күтіп тұр.

Егер өткенге көз жүгіртіп қарар болсақ, мектепті бітіргеннен кейін алда беймәлім де күңгірт жол жатты. Арман қуып Алматыға келдік. Мамандық таңдау деген қиынның қиыны, яғни көптеген мамандықтың ішінен өзіңнің жаныңа жақын, таңдаған мамандығыңның нарықтық экономика жағдайында бәсекеге қабілетті болуы керек деп жаһанға жар салынып, әспеттеліп жатқан мамандықтардың тізімінен болғанын қалайсың. Осылайша әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Шығыстану факультетінің студенті атандым. Оның ішінде «Шетел филологиясы: қытай тілі» мамандығын таңдадым.

«Үйрен де жирен» деп Абай атамыз айтпақшы, әрқашан да жақсы, болашақта пайдасы бар нәрсені үйренуден қашпай, керісінше одан тұшымды сабақ алуға тырысу керек деп ойлаймын. Бірінші курсқа келген кезімде «нихао» («сәлем») деген сөзді де білмеген болсам, қазіргі таңда білікті ұстаздарымыздан барлық әлем халықтарының мәдениетіне, саясатына, экономикасына сараптама жасайтындай деңгейге жеттік. Ал, тіліне деген сұраныс өршіп тұрған алпауыт елдің тарихы, салт-дәстүрі, тілі мен ділі туралы білікті ұстаздарымыздан сауатты білім алдық. Сонымен қатар факультеттегі «Жас қытайтанушы» атты түрлі ғылыми-ақпараттық мағлұматтар алатын үйірмеге бөлсене қатысу арқылы, Шығыстану факультеті мен Конфуций институтының ұйымдастырған іс-шараларының арқасында Қытайға екі рет тілдік тәжірибеге бардым. Сонда Қытайдың қарапайым халқымен етене араласып, олардың тыныс-тіршілігін өз көзіммен көріп, бір жағынан тіл ұстартып, екіншіден мәдени-рухани мол білім алып қайттық деп есептейміз.

Осындай сапарлардың нәтижесінде бұрынғы «қытай деген қысық көз, қара халық, тек сауда жасауды ғана біледі» деген көрсөкыр пайымдаулардан арылып, жалпы әлемге, өзге де барлық ұлттарға деген көзқарасым өзгерді. Ал өз халқыма деген сүйіспеншілігім мен махаббатым арта түспесе, кеміген жоқ. Тек «бір халықты тану үшін оның тілін білу керек» демекші, Қытайда жүргенде бірге оқыған отандастарымның көбісі қаракөз қазақтар бола тұра орыс тілінде шүлдірлеп сөйлегені ғана арагідік «қарныңды аштырады».

Тіл – ұлы да құдіретті күш. «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі ғылым біл демекші» бір елдің тілін білу арқылы сол елдің беймәлім де таңсық әлемін өзіңе айқара ашқандай боласың. Ой-өрісің дамып, білім көкжиегің одан әрі кеңейе береді. Қытай елінде жүрген кезімізде Қытайдың мәдениеті, тарихы, әдебиеті жайында өңгіме жібі тарқатыла қалса, факультетімізде алған сапалы білімнің арқасында бөріне ежелден қанық адамдай жауап беріп тұрсаң, қытайлардың өзі риза болып жатады...

Ал, университетте түрлі мәдени іс-шаралар кезінде төрткүл дүниенің төрт бұрышынан келген нәсілі де, діні де, ділі де басқа студенттермен қатар біздің де студенттер сахна төрінде Қазақстан деген елдің бар екенін, оның бұрынғы КСРО құрамында емес, өзі алдына тәуелсіз ел екендігін, оның дара рухани, мәдени құндылықтарын паш етіп, еліңнің Әнұраны шырқалғанда бойыңды ерекше сезім билейді. Бұл тек бір менің ғана емес, факультетімізден қаншама алыс-жақын Шығыс елдеріне (Корея, Қытай, Түркия, Иран, Үндістан, Жапония, Араб елдері және т.б.) сапар шегіп жүрген құрбы-құрдастарымның да алған әсері осындай деп есептеймін...

Мінекей, бұл Қазақстандағы танымал ориенталистика орталығы Шығыстану факультетінің еліміздің болашағы үшін атқарып жатқан игі шараларының бір үзігі ғана ғана деп білеміз...

**Шығыстану факультетінің
4-курс студенті
И. ТӨЛЕУБАЕВА
Куратор-эдвайзері
Р. ДОСЫМБЕКОВА**

Тәлімі мол мұғалімдік тәжірибе

2013 жылдың қаңтар айының тоғызынан бастап әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың тарих, археология және этнология факультетінің 4-курс студенттері М. Базарбаев атындағы № 138 қазақ гимназиясында мұғалімдік тәжірибеде болдық.

Бір айдан астам уақытты қамтыған практика өте қызықты әрі сәтті өтті. Жиырма бір жылға жуық тарихы бар бұл гимназия көптеген білімді шәкірттер тәрбиелеп шығаруда. Мұнда білікті мұғалімдер топтасқан. Олардың бай тәжірибелерінен көп нәрсе үйрендік. «Ұлыдан ұлағат» демекші, аға буын ұстаздарынан оқушыларға сабақ өткізіп, оларды тәрбиелеудің мән-жайын үйренген біздің алғысымыз шексіз. Демек, студенттер өздеріне үлкен сабақ алып, мол тәжірибе жинақтады. Жас мұғалімдердің біліктілігі артып, білімдері шыңдала

түсті. Оқушылардың арасында жүріп, тәрбие беру барысында көптеген игі істер атқарылды. Гимназия оқушылары өте білімді әрі тәртіпті екен. Көптеген оқушылар халықаралық, республикалық байқаулардың жеңімпаздары болып табылады. Осы гимназияның 9 «Б» сынып оқушысы Иррахим Елібаев: «Бізге осындай практиканттардың келгені ұнайды. Олар өте білімді, бізге тәрбиелік жағынан көптеген дәрістер өткізді», – деп өз ойымен бөлісті. Гимназия оқушыларының арасында өткен осы сәттер ҚазҰУ студенттерінің жадында мәңгі сақталмақ.

Қажымұрат ТӨЛЕГЕНҰЛЫ,
тарих, археология және
этнология факультетінің
4-курс студенті

МҰҚАҒАЛИ – мәңгілік ғұмыр

“...Мен өзім жайлы мынаны айтамын:
Мен ХХІ ғасыр ұрпақтарының құр-
дасымын. Бәлкім, одан әрідегі ұр-
пақтардың туысымын да...” –
деп жазып кеткен поэзия саңлағы,
ақыық ақын Мұқағали Мақатаевтың
биыл 82 жасқа толып, өмірден өткеніне
37 жыл болыпты.

Мұқағалиды бүгінгі ұрпақ ұмытқан емес. Ұмытпайды да...!

Ақынның туған күніне орай, философия және саясаттану факультеті, әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының ұйымдастыруымен ҚазҰУ студенті оқуға міндетті «100 кітап» бағдарламасы аясында «Мұқағали – мәңгілік ғұмыр» атты еске алу кеші өтті.

Аталған кеште Мұқағалидың өлеңдері оқылып, шығармашылығына терең бойлады. Белсене атсалысып, осы кешті ұйымдастыруға үлкен үлес қосқан әлеуметтік жұмыс мамандығының 1-курс студенттері ақынның туындыларын жатқа айтып, кешке көрік берді.

Мұқағали өлеңдерінің талай жолы қанатты сөз болып халық аузында жүр.

...Ақынмын деп қалай мән айта аламын,
Халқымның өз айтқанын қайталадым.

Күпі киген қазақтың қара өлеңін,
Шөкпен жауып өзіне қайтарамын,
– деген Ұлы тұлға, Ұлы ақын Мұқағали – мәңгілікке қазақ халқының маңдайына жазылған бақ. Біздер оны ұмытпаймыз!

Еркебұлан САБИХАНОВ,
философия және саясаттану
факультетінің 1-курс студенті

Не первый год кафедра иностранных языков естественных факультетов проводит методический семинар для профессорско-преподавательского состава. Дважды в месяц они собираются, чтобы обсудить методы преподавания иностранных языков в вузе. Идет живой обмен мнениями по вопросам внедрения новых методических приемов обучения, делятся своими наработками, обсуждают сообщения о работах ведущих специалистов в области преподавания иностранных языков из ближнего и дальнего зарубежья, опытные преподаватели дают мастер-классы для своих молодых коллег.

Овладевая передовыми методами

В текущем учебном году в ходе работы семинара большой интерес вызвало сообщение старшего преподавателя Ш. Омаровой о прохождении курса повышения квалификации при Колумбийском университете в г. Нью-Йорк (США). Важной и значительной стала тема личностного подхода в обучении иностранных языков, которую осветили старшие преподаватели Н. Ломаченко и Н. Попова. Мастер-класс по методике оценки знаний студентов, проведенный старшим преподавателем З. Мадиевой привлек внимание молодых преподавателей.

Особый интерес неизменно вызывают выступления ведущих методистов и преподавателей из зарубежных стран, участвующих в работе семинара по приглашению заведующей кафедрой А. Мулдағалиевой.

Современные методы в области обучения языков в Польше освещались в презентации доцента Хелены Поциешиной. Сообщение Эдваша Лоранца из Венгрии по вопросам ассимиляции туркизмов в английском языке вызвало живую дискуссию. Самым интересным и нужным, просто необходимым для практикующих языковедов оказался двухдневный практический, обучающий семинар по профессиональному развитию преподавателей английских языков, проведенный магистром, специалистом отдела Регионального языкового офиса посольства США Валери Пфлаг из штата Джорджия. Она ознакомила преподавателей с новыми и передовыми методами преподавания английского языка.

Такие обсуждения, семинары и практикумы дают возможность преподавателям знакомиться с новой методикой, приобретать новые знания и умения, ибо настоящий учитель должен учиться всегда, всю жизнь.

Н. ЛОМАЧЕНКО,
председатель методического
бюро кафедры иностранных
языков естественных факультетов



В формировании личности подрастающего поколения образовательные учреждения играют ведущую роль. А патриотическое воспитание молодежи приобретает особую актуальность.

ПАТРИОТИЗМ – основа успеха казахстанского общества

Знания, получаемые студентами в ходе учебного процесса, образуют основу для формирования их мировоззрения, оказывают влияние на процесс определения своих позиций и убеждений. Поэтому очень важен не только сам процесс обучения, но и создание условий для полного, всестороннего развития, необходимых качеств личности студента.

Одной из главных таких задач для преподавателей вуза является воспитание в студенте чувство патриотизма, основанного на любви к Родине и родному языку, уважении к богатой истории своей страны, культуре, обычаям, стремлению к укреплению чести и достоинства Родины и содействие прогрессивному развитию Отечества.

В Стратегии «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства» Лидер нации отмечает: «Надо воспитывать в себе и наших детях новый казахстанский патриотизм. Это, прежде всего, гордость за страну и ее достижения». По мнению Президента, новый казахстанский патриотизм является основой успеха многонационального и многоконфессионального общества. Человек не рождается патриотом, он становится им в ходе воспитания и участия в общественной жизни. Современная система образования должна

осуществлять подготовку такого выпускника, который бы отвечал потребностям времени и обладал высоким уровнем нравственности.

В этом направлении на факультете международных отношений кураторами-эдвайзерами кафедры дипломатического перевода недавно было проведено мероприятие «Сердцу милая, моя Родина – Казахстан» в формате: игра-викторина-концерт. Ее целью явилось познание студентами сущности малой и большой Родины, скрытой в духовной жизни народа, в его традициях и обычаях, в исторической памяти, передаваемой из поколения в поколение. А также воспитание у молодежи чувства товарищества, взаимоуважения, толерантного отношения друг к другу и осознания себя частицей общества.

Мероприятие было посвящено, в основном, для первокурсников. Поэтому важно было донести до них, что Казахстан – Родина – одна для всех, кто родился на ее просторах. И каждому из нас надо уметь быть ей полезным. А для этого надо много знать и уметь. А значит хорошо учиться, совершать добрые дела на благо своего дома, города, университета, страны.

Раушан МАТКЕРИМОВА,
ст. преподаватель кафедры
дипломатического перевода факультета
международных отношений

«Преступление и наказание»

Ф.М. Достоевского –
роман-предупреждение

На днях, просматривая газету «Вечерний Алматы» от 5 января 2013 года, наткнулась в статье А. Грибанова «Куда идешь, молодежь?» на следующие статистические данные, характеризующие портрет современных террористов: 98 процентов, задержанных по террористическим статьям в прошлом году, имеют высшее и среднее специальное образование. Почему-то в памяти сразу всплыл образ Раскольникова – нищего студента, обуреваемого страшными идеями, очень заманчивыми и для сегодняшних неокрепших умов.

В первую очередь, это идея о возможности, допустимости, необходимости революционного насилия, даже разрешения «крови по совести» для восстановления социальной справедливости, для того чтобы сделать мир лучше и чище. Другая идея, и главная, по мысли многих литературоведов, которая тоже притягательна для шатких умов, – это «идея Наполеона». Согласно ей, люди делятся на два разряда: «право имеющих» и «тварей дрожащих». Первые могут проводить в жизнь свои идеи и осуществлять проекты, не оглядываясь на моральные нормы обычных людей,

не считаясь с жертвами, потому что их цели связаны с осуществлением исторически необходимых, недоступным простым умам, «тварям дрожащим», задач. Пытаясь доказать себе, что он принадлежит к когорте «Наполеонов», Раскольников идет на преступление. Получается, он совершает не простое уголовное преступление, а совершает преступление в высшей степени идеологическое. Идеология и терроризм – две вещи очень даже взаимосвязанные. Чувствуете, какая ниточка протянулась из середины XIX века к нам в XXI век, в эпоху глобальной угрозы террористических актов на религиозной (читайте, идеологической) почве?

Но любая теория и идея экстремистского толка произрастает из социального неблагополучия, подпитывается социальными противоречиями, экономическими катаклизмами. Связано ли это с глобальным экономическим кризисом в мировом масштабе, растущим социальным расслоением общества, но в моем читательском сознании идеологические мотивы преступления Раскольникова вытесняются социальными (история семьи Мармеладовых, письмо матери Раскольникова о судьбе Дуни, картины петербургских трущоб, образы детей в романе и др.), и возникает вопрос «Может прав был критик социал-демократ Д.И. Писарев, который увидел корень преступления Раскольникова не в его наполеоновской теории, а «в кармане?». После недавнего перелистывания романа в ушах постоянно звенит душевраздирающий вопль Мармеладова: «Понимаете ли, понимаете ли вы, милостивый государь, что значит, когда уже

некуда больше идти?»

В конце концов, не так уж важно, какие из мотивов преступления Раскольникова приоритетнее, социальные или идеологические, важно другое – то, что в совокупности они представляют взрывоопасную смесь.

Обычно термином «роман-предупреждение» награждают другое произведение Достоевского – «Бесы» (кстати, он – о терроризме и террористах). Но «Преступление и наказание» можно считать романом-предупреждением, поскольку в преступлении Раскольникова автор увидел опаснейшую тенденцию, симптомы болезни, которая в XX веке породила кровавые революции и войны. Особенно явственно звучит предостережение Достоевского в описании последнего сновидения Раскольникова на каторге, перед самым его духовным выздоровлением. В этом сновидении идеи-трихины, охватывая миллионы умов и душ, делая зараженных ими людей бесноватыми, грозят уничтожить жизнь на земле.

Достоевский развенчивает в романе наполеоновскую теорию Раскольникова, но его предостережение, предупреждение особенно актуализируется в наши дни: не дай бы нам увидеть (воспользуемся словами другого классика русской литературы) в чьих-нибудь глазах, случайно выхваченных из толпы, «идею, вооруженную топором»!

А.Е. ЕЛУБАЕВА
доцент кафедры русской филологии, русской и мировой литературы факультета филологии, литературоведения и мировых языков



Отрывок из романа Ф.М. Достоевского «Преступление и наказание» – разговор студента и офицера в трактире

«...Нет, вот что я тебе скажу. Я бы эту проклятую старуху убил и ограбил, и уверяю тебя, что без всякого зазора, совести, – с жаром прибавил студент.

Офицер опять захохотал, а Раскольников вздрогнул. Как это было странно!

– Позволь, я тебе серьезный вопрос задать хочу, – загорячился студент. – Я сейчас, конечно, пошутил, но смотри: с одной стороны, глупая, бессмысленная, ничтожная, злая, больная старушонка, никому не нужная и, напротив, всем вредная, которая сама не знает, для чего живет, и которая завтра же сама собой умрет. Понимаешь? Понимаешь?

– Ну, понимаю, – отвечал офицер, внимательно уставясь в горячившегося товарища.

– Слушай дальше. С другой стороны, молодые, свежие силы, пропадающие даром без поддержки, и это тысячами, и это всюду! Сто, тысячу добрых дел и начинаний, которые можно устроить, и поправить на старухины деньги, обреченные в монастырь! Сотни, тысячи, может быть, существований, направленных на дорогу; десятки семейств, спасенных от нищеты, от разложения, от гибели, от разврата, от венерических болезней, – и всё это на ее деньги. Убей ее и возьми ее деньги, с тем чтобы с их помощью посвятить потом себя на служение всему человечеству и общему делу: как ты думаешь, не загладится ли одно, крошечное преступленице тысячами добрых дел? За одну жизнь – тысячи жизней, спасенных от гниения и разложения. Одна смерть и сто жизней взамен – да ведь тут арифметика! Да и что значит на общих весах жизнь этой чахоточной, глупой и злой старушонки? Не более как жизнь вши, таракана, да и того не стоит, потому что старушонка вредна. Она чужую жизнь заедает: она наемни Лизавете палец со зла укусила; чуть-чуть не отрезали!

– Конечно, она недостойна жить, – заметил офицер, – но ведь тут природа.

– Эх, брат, да ведь природу направляют и направляют, а без * пришлось бы потонуть в предрассудках. Без этого ни одного бы великого человека не было. Говорят: «долг, совесть», – я ничего не хочу говорить против долга и совести, – но ведь как мы их понимаем? Стой, я тебе еще задам один вопрос. Слушай!

– Нет, ты стой; я тебе задам вопрос. Слушай!

– Ну!

– Вот ты теперь говоришь и ораторствуешь, а скажи ты мне: убьешь ты сам старуху или нет?

– Разумеется, нет! Я для справедливости... Не во мне тут и дело...

– А по-моему, коль ты сам не решаешься, так нет тут никакой и справедливости! Пойдем еще партию!

Раскольников был в чрезвычайном волнении. Конечно, всё это были самые обыкновенные и самые частые, не раз уже слышанные им, в других только формах и на другие темы, молодые разговоры и мысли. Но почему именно теперь пришлось ему выслушать именно такой разговор и такие мысли, когда в собственной голове его только что зародились... такие же точно мысли?»...

Впечатление от прочитанного романа Ф.М. Достоевского «Преступление и наказание»



Роман Ф.М. Достоевского «Преступление и наказание» – одно из сложнейших произведений не только в творчестве писателя, но и в русской литературе в целом. Этот роман говорит не только о преступлении и наказании, но и о жертве, любви и сострадании.

В школьные годы, когда мы на уроках литературы проходили «Преступление и наказание», я прочитала это произведение поверхностно. Да и что скрывать, не до конца. Но я до сих пор помню, как учительница литературы в школе сказала: «Читать его – наказание, а не читать – преступление». Теперь же я учусь на третьем курсе факультета филологии, литературоведения и мировых языков. И знаете, я согласна с

её выражением. Сегодня, когда сильна привычка смотреть экранизации книг «по мотивам», читать «по диагонали», не просто осилить объемный роман, увидеть его глубинный смысл, проследить за сложным, несмотря на острый, детективный сюжет, действием. Тем более, если ты – школьник. Но если внимательно вчитаться в произведение, можно понять, что все в нем подчинено раскрытию величайшей гуманистической идеи автора.

Когда я, уже будучи студенткой, начала читать «Преступление и наказание», я пыталась не брать во внимание всё, что знала об этом произведении раньше, старалась воспринять роман не через призму чужих мнений и от-

зывы критиков, а как нечто личное, придумать такие трактовки поступков героев, которые мне казались наиболее реалистичными. Считаю, что именно такая незамутненность сознания способствовала моей любви к этому произведению. Хорошо, что такие философские книги включены в обязательную литературу для школьников и студентов. Но всё же каждый человек приходит к осмыслению этого произведения в своё время.

Айжан АЛМАТАЕВА,
факультет филологии, литературоведения и мировых языков КазНУ, Русская филология, 3 курс

МЕНІҢ ҰСТАЗЫМ



Қазақстан тәуелсіздік тізгінін қолға алған алғашқы күндерден бастап, әлемдегі дамыған елу елдің қатарына кіруді мақсат еткен еді. Өткен жиырма жылдың ішінде осы мақсаттың біртіндеп жүзеге асып жатқандығына куәгер болудамыз. Осындай биік белестен асу үшін, ең алдымен, жастардың сапалы білім игеруі керектігі бүгінгі ең өзекті мәселелерінің бірі. Бұл туралы Елбасымыз Н.Ə. Назарбаев: «Жастардың және еліміздің басты капиталы – сапалы білім» деп нақты айтқан еді.

Шәкірт жүрегіне жол таба білген ұстаз

Осыған орай, жастарымызды алғашқы кезеттейтін, тура бағыт-бағдар беретін, ішіндегі жан сырын ақтарып, бар білімін ортаға салатын еліміздің жетке ұстар азаматы, білім саласында өткен еңбек атқарған өз ісінің білікті маманы, тәжірибелі педагог Марат Молдабекұлы Молдахметовтің есімін айрықша құрметпен атап өткіміз келеді. Ол шын мәнінде, өз ісіне адал берілген, жастарға заман талабына сай білім беру жолында аянбай еңбектеніп жүрген университетіміздегі бетке ұстар ұстаздардың бірі.

Ол бүгінгідей құрметке, атақ дәрежеге, әрине, бірден жеткен жоқ. Бүгінде оның елуге жуық ғылыми мақаласы жарық көріп, «Жалпы гидрология бойынша практикум», «Гидрометрия», «Гидрологиялық ақпараттарды математикалық өңдеу әдістері», «Су-техникалық ізденістері», «Су ресурстары гидрологиясы» сияқты оқулықтары мен су шаруашылығы зерттеулері бойынша терминологиялық сөздігі бар. Ағымдағы жылда Марат Молдабекұлының серіктес авторлармен бірігіп жазған Қазақстан Республикасының су ресурстары жайлы монографиясы жарыққа шықты.

Марат Молдабекұлы бүгінгі таңда гидрология саласы бойынша сирек кездесетін мамандардың бірі ретінде әріптестерінің арасында айрықша беделге ие. Бұған оның кіші пейілділігі, адамдармен тіл табыса білетіндігі сияқты ізгі қасиеттері де өз септігін тигізуде.

Кеше ғана студенттік өмір табалдырығын аттап келген біз, бүгінде алтын ұямыздан ұшқалы отырмыз. Осы себепті бізге 4 жыл ішінде білім нәрін сусындатқан даңққа да, марапатқа да лайықты, шәкірт жүрегіне жол таба білген ізгі ниетті ұстаздарымызға алғысымызды білдіру амалын іздестіріп жүргенде, өзіміздің асыға күтетін «Қазақ университеті» газетінде «Менің ұстазым» атты айдардың жарыққа шығуы біздің ойымызбен орайлас келгені көңілімізді көкке көтерді. Біз өзіміздің осындай білікті және тәжірибелі, білгенін шәкірттерінен аямайтын, өз елінің патриоты болған көрнекті тұлғаның қолынан тәлім алып отырғанымызды мақтан етеміз.

География және табиғатты пайдалану факультеті, метеорология және Гидрология кафедрасы 4-курс студенттері

«Хан Тәңірінің мұзбалағы»

Ақпан айының ортасында механика-математика факультетінде ақиық ақын Мұқағали Мақатаевты еске алу мақсатында «Хан Тәңірінің мұзбалағы» атты әдеби-композициялық кеш өтті.

Мұқағали Мақатаевқа арналған бұл әдеби-сазды кеш ақын жырларын жырлаудың қайнар көзі болды. «Сірә, мен өлмейтін шығармын» атты композициялы шығармамен басталған кеш, жүргізушілердің әдемі өрілген өлең жолдарына ұласты. Біршама жырлар оқылған соң кеш сайыспен жалғасты. «Бір әңгіме қозғашы ауыл жайлы...»; «Дариға жүрек шөлдеді»; «Мен нағыз махаббатты армандаймын...»; «Жазылар естеліктер мен туралы»; «Білгің келсе, алдымен, зертте мені» атты бес бөлімнен тұрған сайыс барысында ақынның патриоттық өлеңдері, махаббат жайлы өлеңдері, «Мұқағалиға арнаулар» оқылды. Және де қысқа сюжетті көріністер көрсетіліп, сайыскерлерге Мұқағали жайлы сұрақтар қойылды.

«Мұқағалиды еске алудың сайыспен өтуінің басты мақсаты факультет сту-

денттері Ақынның өмірі мен жырлары туралы қандай дәрежеде білетіндігін анықтау, сонымен қатар көркем әдебиетке деген құлшыныстарын байқау еді», – деді ұйымдастыруға басшылық жасаған Л. Абсұлтанқызы.

Ең әсерлі тұсы Қ. Жүсіпқызының орындауындағы М. Шахановтың «Әке үкімі» атты Мұқағалиға арнау жыры болды. Өлең жоғары дәрежеде орындалып, көрермендердің зор қошеметіне ие болды. Сайыс соңында қазылар алқасы жеңімпаз топты анықтап, оларды арнайы грамоталармен марапаттап және Мұқағали өлеңдері жинақталған «Аманат» кітабын сыйға тартты.

Дина МҰРАТҚЫЗЫ,
механика-математика факультетінің 2-курс студенті

■ АЙНАЛАНДЫ НҰРЛАНДЫР

Серенада кеші өтті



Кімге қалай екенін білмеймін, бірақ Серенада десе, менің көз алдыма балкон астында гитара ұстап, аруына әсем ән шырқап тұрған жігіт елестейді. Сезімге толы әндерді орындайтын сондай күндердің бірі ретінде жастар қазір 14 ақпанды «Ғашықтар күні» деп атап өтуде. Біреулер бұл күнді бір-біріне сырлы сезіммен жазылған ашық хаттар жіберіп тойласа, енді біреулер «біздің мейрам емес» деседі. Қалай дегенмен, бұл күнді біз – ҚазҰУ жастары өз арамызда «әлемдік классика мәдениетін меңгеру» деп атап қойдық.

Олай деп атауымыздың да өзіндік себебі бар. Айталық 2012 жылдың 14 ақпанын ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Болат Аюхановпен қойылған «Лебединое озеро» шығармасын Студенттер сарайында тамашаласақ, биылғы жылдың 14 ақпанында Ө.А.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, Халықаралық байқаулардың лауреаты, профессор Кенжеғали Мыржықбайдың шығармашылық кешіне қатасып, рухани марқайып қалдық. Оның атауы да ерекше – «Серенада кеші». Вальс королі Ш.Қалдаяқовтың «Кешікпей келем деп ең» әнімен басталған кеште, қазақ өнерінің қазынасына айналған Абай әндері, әлемдік классикада өзіндік орны бар Рим-Корсоков, М.Глинка, Г.Свиридов, Б.Шереметьев, С.Рахманинов, П.И.Чайковский сынды композиторлардың да шығармаларын тыңдап, барша өнерсүйер қауым құлақ құрышын қандырғандай болды. Концерт барысында жастар өнерпаздың шығармашылық жолы, жалпы өмірге көзқарасына қызығушылық танытып, әншіге сұрақтар қойып, оларға жауап алды.

Дәстүрлерді біз өзіміз қалыптастыратындығымызды ескерсек ҚазҰУ жастары үшін 14-ақпан – жоғары мәдениет үлгісіне айналған әлемдік классика туындысымен сусындау күні.

Саңдуғаш КАРТАЕВА
Халықаралық қатынастар факультетінің магистранты

Саясаттанушылар үйірмесіндегі кездесу

Жақында Философия және саясаттану факультетінің саясаттану кафедрасы жанынан құрылған «Саяси Орда» саясаттанушы-студенттердің кәсіпқой үйірмесі «Ақиқат» ұлттық қоғамдық-саяси журналының бас редакторы, белгілі ақын-публицист, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Аманхан Әлімұлымен кездесу өткізді.

Ақын ағамыз әңгімені «Ақиқат» журналының саяси бағыт-бағдары туралы мәселеден бастап, тәуелсіздігімізді нығайту, ұлттық мемлекет ретінде жаһандануға төтеп беру, білім мен мәдениет туралы салиқалы ойларын ортаға салды. Сонымен қатар студенттер қауымын өзінің шығармашылығымен таныстырып, өлең шумақтарын оқып, жас жүректерді ерекше ыстық сезімге бөледі. Кездесу келелі кеңес түрінде өрбіп, қатысушылардың барлығы қазіргі кездегі өзекті мәселелер, жастар туралы толғамдарын ортаға салды. Саясаттанушы студенттер өз кезегінде өздерінің толғандырып

жүрген сұрақтарын А. Әлімұлына қойып, көңілдеріне қонымды жауаптар алды. Ақын өз-өзінде болашақтың тұтқасы – жастардың даму мәселесіне көп көңіл бөліп, оларды білімге, туған тілді сақтауға, жан-жақты болуға, мақсатқа берік болуға және соған қарай батыл ұмтылуға шақырды. А. Әлімұлының патриот ретінде алға қойған мақсаты халқымыздың мүддесін алға тартып жүзеге асыру екені сұқбат барысында анық көрінді. Кездесу нәтижесінде студенттер бойларына рухани күш пен сезімді әсер алып, дүниетанымдарын байытқандары анық. Кездесу соңында А. Әлімұлы өзінің шығармашылығынан «Өткірдің жүзі» деген кітабын студенттерге тілек-ниеттерін жазып, сыйға тартты. Алдағы уақытта да «Саяси Орда» саясаттанушы-студенттердің кәсіпқой үйірмесі аясында қоғам қайраткерлерімен кездесу өз жалғасын табады деген сенімдеміз.

Әдемі САҚБЕКОВА,
«Саяси Орда» саясаттанушы-студенттердің кәсіпқой үйірмесінің төрайымы, Саясаттану бөлімінің 2-курс студенті

ТАБАҒАНЫҢ ТАМШАНАЫРҒАН ТАБИҒАТЫ

Біз осы уақытқа дейін Шымбұлақты елімізде ғана емес, әлемдегі тау демалыс орындарының алдыңғы қатары десек, қазір «Табаған» кешені өзінің кеңдігі мен қолайлылығы жағынан тамаша туристік аймақтар қатарына еніп келеді. Ол Алматы шекарасынан 17 шақырым қашықтықта орналасқан, ауданы – 55 гектар. Ең биік нүктесі теңіз деңгейінен 1650 метр шамасында. Көрікті туристік мекенге студенттер мен оқытушыларды алып барған «Youth-Travel» start-up компаниясының директоры А. Абдикеримов «Табаған» жайлы келушілерге көңінен әңгімелеп берді.

Негізінен, А. Абдикеримовтің айтуынша, «Табаған» Шыбынсай шатқалында орналасқан, Бесқайнар елді мекенінің аумағындағы үлкен спорттық кешен. Ал кешеннің атауы «Тобоган» (ағылш. Toboggan) сөзінен шыққан. Солтүстік Америка үндістері тайпаларының тілінде бұл сөз «ағаштан жасалған жалпақ қыстық шаңғы» дегенді, ал қазіргі ағылшын тілінде «түсу, таудан сырғанау» деген сөзді білдіреді.

«Табаған» жайлы осы кешеннің қызметкерлері М. Базаршыбаев пен Г. Ал-

матының табиғаты ерекше. Оның көрікті жерлері, үлкен қаласы, ғажап ескерткіштері, ең бастысы Тянь-Шаньның тамаша тауларымен жүректерде жатталып, көңілдерде сақталары сөзсіз. Шын мәнінде, бір сөт шуылдаған мазасыз қала тынысынан шаршасаңыз, таудың тамаша табиғатына серуен құрып, демалып қайтқан қандай ғажап десеңізші. ҚазҰУ студенттері мен оқытушылары демалыс күнін бірінші студенттік «YouthTravel» start-up компаниясының ұйымдастыруымен Алматы облысының Талғар ауданына жақын ұлттық табиғи қорықта орналасқан «Табаған» спорттық сауықтыру кешенінде өткізді.



мабаева бізге берген сұқбатында: «Бұл спорттық кешен бұрыннан қаланған. Қышпен 2005 жылы салынған. Осындай ірі көлемді жобаның іске асырылуы қазақтың туризм нарығының, сондай-ақ қыстық спорт түрлерінің тарихында жаңа кезең еді. Ресми тұсаукесері 2006 жылғы қаңтардың аяғында болды. Тіпті Қысқы Азияданың екі ойын түрі – фристайл және сноуборд жарыстары өткен болатын. Бірақ осы кешеннің ең қалың қарын биылғы қары деп айта аламыз. Себебі 1996 жылдан бері, мұншалықты қалың қардың куәсі болған емеспіз. Әсіресе осы кешен арқылы біз секілді жергілікті ауыл халқына үлкен жұмыс табылып, еңбек адамына айналдық. Бұл үшін басшылыққа айтар алғысымыз шексіз», – деп ағынан жарылды.

Ұзындығы 1800 метрге созылып тұрған шаңғы трассаларында келген демалушылар шаңғы теуіп, сноуборд пен қар көлігінде сырғанап түрлі мәдени спорттық демалыс шараларын қатысы көтеріңкі көңіл-күймен тарасты.

«Табағаннан» арнайы «Қазақ университеті» газеті үшін Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ

8 ақпанда жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінде ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың туған күніне орай факультеттегі төртінші рет С. Әшімбаев атындағы жас әдебиетшілер клубының ұйымдастыруымен «Мен өмірді жырлау үшін келгенмін» атты дәстүрлі жыр кеші өтті.

«Мен өмірді жырлау үшін келгенмін» атты дәстүрлі жыр кеші өтті

Аталмыш кешке университеттің тәрбие жөніндегі департамент, факультет басшылары, оқытушы-профессорлар қатысты. Осы жыр кешіне арнайы қонақ ретінде Халықаралық «Жанашыр» қорының өкілдері мен ақын Керім Елемес қатысты.

Кештің мақсаты – Ауғанстан Ислам Республикасынан келіп білім алып жатқан ауған жастары мен қазақ диаспора өкілдерінің арасында ақын өлеңдерін мәнерлеп оқу. Сондай-ақ Мұқағалиға арналған жас ақындар жырлары оқылды. Жыр кешінде Мұқағали өлеңдері мен шығармаларын оқуда 26 тыңдаушы өз бақтарын сынады. Кешке жиналған студенттер ән мен жырға кенеліп, әртүрлі сауалдарға жауап беріп отырды.

Кеш соңында әділ-қазылар жеңімпаздарды марапаттады. Әділ-қазылар алқасы Мұқағали өлеңдерін мәнеріне келтіріп оқыған ең үздік деп, 1-орынға Нұрсара Бақытбек, Ерзат Асыл. 2-орынға Мархабат Льяс, 3-орынға Бірлік Нұрмашев, Жадыра

Мұрат, Ершат Әуелхан, Жанар Есенғазыны марапаттап құттықтады.

Ал Ауғанстан Ислам Республикасынан дайындық бөліміне келіп қазақ тілінде білім алып жатқан жастардың ішінен ең үздік деп 1-орынды Самиулла, Абдулла Рахими марапатталса, 2-орынды Мухаммад Юсуф, сондай-ақ 3-орынды Аджмал Карими, Басир Ахмад Якуби иеленді.

Бұл жыр кеші біздің әдебиетімізді, өнерді жоғары бағалағанымызды айшықтай түседі. Кеш жайында ауған студенттері М. Мақатаев өлеңдері мен шығармашылығына үлкен мән бергені анық. «Біз Мұқағали өлеңдерін оқу арқылы оның шығармаларын тереңірек тани түстік», – дейді студенттер.

М.Б. ӘМІРХАНОВ,
халықаралық білім беру
департаменті директорының
тәрбие жұмысы жөніндегі
орынбасары

Төтенше жағдайлардан сақтанайық!

Жер сілкіністері, сел, тасқын және тағы да басқа төтенше жағдайлар туа қалған кездері адамдардың өздерін жоғалтып, жасап жатқан әрекеттеріне бақылау жасай алмай қалатындары бар. «Осындай жағдайларда не істеу керек?» деген сұрақтың жауабын алу мақсатында үстіміздегі жуырда География және табиғатты пайдалану факультетінде Алматы қалалық Төтенше Жағдайлар Министрлігі өкілдерімен кездесу өтті.

Алматы қалалық ТЖМ өкілі Е. Маркабаев төтенше жағдайлар кезінде пайдаланылатын құрал-жабдықтармен, қызметтік киімдермен және техникалармен таныстырып өтті. Келесі кезекте дәріс тыңдаушыларға Алматы қалалық ТЖМ-ның 2012 жылы жасалған жұмыстарға арналған бейнеролик көрсетілді. Қиындық пен қызыққа толы жұмыс барысын студенттер қызыға тамашалады әрі мұндай қызметті алып жүрудің аса ауыр екеніне көз жеткізді.

Әсем қаламыз – Алматы асқар таулардың баурайында орналасқан. Өзімізге белгілі, қала тұрғындары мен қонақтары тауда серуендеп, қысқы спорт түрлерімен айналысқанды ұнатады. Қыс пен көктем айларында тау баурайында болып тұратын қар көшкіні оқиғаларынан түрлі жағымсыз жайлар болып жатады. Бұл тақырыпта сөз алған Алматы қалалық ТЖМ өкілі В. Грицай аталған оқиғалар жайлы статистикалық мәліметтер келтірді. Қар кө-

шкіні салдарынан болған төтенше жағдайлар жайлы айтып, оның алдын алу шараларымен таныстырды. Қорыта келе, төтенше жағдайлардың көпшілігіне адамдардың өз салғырттықтары арқылы тап болатындарын айтты.

Алматы қалалық ТЖМ өкілдері дүрбелеңді оқиғалардай болған жағдайда, халықтың, алдымен, сабырлылығы керектігін айта отырып, осы кездегі халықтың негізгі әрекеттерін сипаттап берді. Студенттер мен ұстаздар дәрістен алған әсерлерін ортаға салып, өзара пікірталасты.

«Апат айтып келмейді» деп жатады. Қандай жағдай болмасын, өзімізге, жақындарымызға абай болайық!

З.Қ. СӘРСЕМБЕКОВА,
география және табиғатты
пайдалану факультетінің
аға куратор-эдвайзері;
Б.Ғ. ОҒАЗОВА,
«Surveyor» клубының төрайымы,
2-курс студенті

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби
атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА
Тілші – Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА
Корректорлар: Гүлжан РҮСТЕМБЕКОВА, Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА
Беттеуші – Айжан ЖАҚЫПОВА
Фототілшілер: Алматы МҰХАМЕТЖАНОВ, Асқар ТАМАШ

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
“Бизнес Информ” баспаханасында
(Төле би көшесі, 108) басылды.
Тел.: 8 (727) 293-09-09

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 1000 дана.
Тапсырыс № 10112

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.